

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ
«АКТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ХРОМТАУ ТАУ-КЕН
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
БҮЙРЫҚ



МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ

АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ «ХРОМТАУСКИЙ
ГОРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ»
ПРИКАЗ

031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Есет-батыр көшесі, 9 үй,
Факс: 8(71336) 21-0-46 Тел: 25-1-50

2024 жылғы 29 тамыз
Хромтау қ.

№ 106 – Ө
г. Хромтау

Жұмыс тәртібі туралы

Оқытушылар, ө/о шеберлері және білім алушылар еңбегін дұрыс ұйымдастыру үшін
БҮЙЫРАМЫН:

1. Колледждің жұмыс ережесі төмендегідей тәртіппен құрылсын:

Жұмыс уақыты 7 сағ.30 мин. басталсын.

Студенттер ғимаратқа студенттік билетпен 7 сағ.45 мин.кіргізілсін.

Бірінші сабаққа алдын ала берілетін қоңырау 7сағ.55 мин. соғылсын.

Сабақтың басталуы – 8 сағ.00 мин. басталсын.

Түскі үзіліс уақыты – барлық қызметкерлер үшін 1 сағ. 13.00 – ден 14.00 –ге дейін.

4 – пар жүргізген оқытушылар үшін 14.00 - ден 15.00 - ге дейін

Бірінші пардан кейін қоңырауда «Сергіту жаттығуы» ретінде дене жаттығуы жасалсын.

Екінші қоңыраудан соң асхана қызметі іске қосылсын.

Әр аптаның дүйсенбі күні үшінші қоңырауда жалпы колледжішілік линейка өткізілсін.

Кітапхана, теннис залы, оқу залы кестеге сәйкес жұмыстарын жандандырсын.

Әр пардың алдында 1 минут бұрын қоңырау берілсін.

Қоңыраудың орнында «Күй күмбірі» күй ойнатылсын.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» - үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақыты ұлттық ойындар түрінде ұйымдастырылсын.

«Өнегелі 15 минут» айдары бойынша білім алушылармен адамгершілік тақырыбында әңгімелесуге топ кураторлары жауапты болып бекітілсін.

Әр аптаның бірінші күні бірінші сабақта білім алушылар ҚР Әнұранын орындасын.

Әр аптаның үшінші күні барлық қызметкерлер Ұлттық киім үлгісін сақтасын.

Куратор сабағында жол қозғалысы ережелері мен өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында топ кураторлары 10 минут көлемінде ақпарат беріп өтсін.

Алдын-ала берілген қоңыраудан соң оқытушылар мен білім алушылар кабинеттерге кіріп сабаққа дайындалсын.

Пар аяқталғаннан кейін оқытушы, студенттер оқу кабинеттерінен шығарылсын.

Топ жетекшісі және ө/о шебері қоңырау кезінде өз қабатында кезекшілік етсін.

2. Колледж бойынша кезекшілікті оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері кестеге сәйкес 7 сағ.45 мин.-14 сағ.05 мин. аралығында атқарсын.

Кезекшілік кезінде тәртіп, колледж мүлкінің сақталуын қадағалау, бөлім меңгерушілерімен бірге білім алушылардың сабаққа қатысымын тексеру және әр қоңыраудан кейін кешіккендерді тіркеу журналын жүргізу міндеттелсін.

Әр қабатқа әкімшілік мүшелерінен бір жауапты қоңырау кезінде кестеге сәйкес кезекшілік жүргізсін.

3. Әр топ білім алушылары күн сайын бекітілген оқу кабинеттері, дәрісханалар мен шеберханалардың тазалығын сақтау жұмыстарын, соның ішінде ылғалды тазалау жүргізісін. Өндірістік зертханаларда, цехтарда, шахта полигонында әр білім алушы өндірістік оқыту сабақтарынан соң өз жұмыс орнын тазалауы міндеттелсін. Жалпы тазалау жұмыстары әр айдың соңғы бейсенбісінде жүргізілсін.

4. Колледж қабырғасынан тыс жерлерде іс-шаралар өткізуге және қатысуға директордың бұйрығына сәйкес ғана рұқсат етілсін.

5. Колледжде оқу процесі кезіндегі студенттердің өмірі, денсаулығына жауапкершілігі колледж оқытушыларына жүктелсін.

6. Барлық студенттер аттестациядан екі семестр бойынша өткізілсін.

7. Семестр аяқталуына байланысты жылына екі рет барлық студенттер (бітіруші түлектерден басқасы) кезеңдік аттестациядан өткізілсін.

8. Демалыс мерзімі қысқы және жазғы демалыс болып қалдырылсын.

9. Теориялық және өндірістік оқу журналдарына өзгеріс енгізу (есепке алу, шығару) сол топқа бекітілген топ жетекшісі немесе ө/о шебері ӨОЖ жөніндегі директордың орынбасарының рұқсатымен жүзеге асырылсын.

10. Әкімшіліктің рұқсатынсыз студентті сабақтан шығарып жіберуге қатаң тиым салынсын.

11. Қосымша сабақтар өткізу үшін яғни, спорттық секция, үйірме жұмыстарына, информатика кабинетіне, оқу шеберханаларына сабақтан тыс уақытта директор бекіткен кесте бойынша өткізілсін.

12. Әр оқу кабинетінде әр білім алушыға колледж мүлкінің сақталуына материалдық жауапкершілікті арттыру мақсатында тұрақты жұмыс орны бекітілсін.

13. Сабаққа, спорт залына, асханаға сырт киіммен жіберілмесін.

14. Оқу кабинетінің, шеберханалардағы мүліктердің сақталуына материалдық жауапкершілік кабинет және шеберханалар меңгерушілеріне жүктелсін.

15. Колледжге және сабаққа бөгде адамдар директордың рұқсатынсыз жіберілмесін.

16. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз оқытушылардың өзара келісімімен сабақ ауыстыруға қатаң тиым салынсын.

17. Ұялы телефон, смартфон, өткір заттар әкелуге, оқытушылар мен білім алушыларға колледж ғимаратында шылым шегуге, насыбай атуға тиым салынсын. Белгіленген орындарда ғана шылым шегуге рұқсат етілсін.

18. Оқытушылар қалта телефондарын сабақ уақытында оңды-сол пайдаланбай, білім алушылардың алдында ашық күйінде көрсетілмесін.

19. Колледжде білім алушылар үшін бірыңғай киім формасы мен дене тәрбиесі сабақтарында спорттық форма қатаң талап етілсін.

20. Ер азаматтардың қысқа балақты шалбар киюіне, сақал-мұрт қою сияқты теріс әрекет көрсетіп, жат діни ағымдарын насихаттауға қатаң тиым салынсын.

21. «Мұғалім» мәртебесіне құрметпен қарап, оқытушылар үшін жабық, жағалы, классикалық үлгідегі киім кию, өзін өзі ұстау, дұрыс сөйлеу мәдениеті сияқты педагогикалық әдеп нормалары сақталынсын.

Колледж директоры



Мулдашева Б.К.